

## Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 желтоқсан N 1280

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылдың 25 желтоқсанында Өскемен қаласында көп балалы отбасылардың балаларына, балалар үйінде, интернат мекемелерінде тәрбиеленушілерге және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі ұсынысы қабылданын.

2. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Президенттік жаңа жыл шыршасына әзірлік және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Эйр Қазақстан" акционерлік қоғамы тапсырмаларды 2-қосымшада берілген мерзімдерде орындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасына көп балалы отбасылардан, балалар үйлерінің, интернат мекемелерінің тәрбиеленушілерінен жасы 9-дан 13-ке дейінгі оқу озаттарын, белсенді және дарынды балаларды 3-қосымшаға сәйкес жіберуді қамтамасыз етсін.

Ілесіп жүрушілердің іссапарлық шығыстарын, бару-қайту жолына және балалардың жолда тамақтануына ақы төлеуді тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігі Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізу жөніндегі шығыстарды 04 "Білім" функционалдық тобы бойынша 1998 жылға көзделген қаражатын шегінде жүзеге асырсын.

6. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізуге қатысатын министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Ұйымдастыру, бақылау және қауіпсіздік бөліміне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1280 қаулысына  
1-қосымша

Президенттік жаңа жыл шыршасына әзірлік  
және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің  
Құрамы

Көшербаев Қырымбек Елеуұлы - Қазақстан Республикасы Білім,  
мәдениет және денсаулық сақтау  
министрі, төраға

Метте Виталий Леонидович - Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі, төрағаның орынбасары

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Әбілғазин Данияр Рүстемұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі

Ахметов Әділ Құрманжанұлы - Қазақстан Республикасының Білім,  
мәдениет және денсаулық  
сақтау министрлігі Білім  
комитетінің төрағасы

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық келісім  
вице-министрі

Видова Ольга Ивановна - Шығыс Қазақстан облыстық  
білім басқармасының бастығы

Дорожкина Любовь Анатольевна - Қазақстан Республикасының Білім,  
мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігі Білім комитетінің  
сектор меңгерушісі

Досаев Ерболат Асқарбекұлы - Қазақстан Республикасының  
Энергетика, индустрия және  
сауда вице-министрі

Исақов Орынбасар Исақұлы - "Қазақстан теледидары мен  
радиосы" республикалық  
корпорациясының вице-президенті  
(келісім бойынша)

Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы - Қазақстан Республикасының  
Білім, мәдениет және денсаулық  
сақтау министрлігі Мәдениет  
комитетінің төрағасы

Қасымов Нұрпейіс Қасымұлы - Қазақстан Республикасы Білім,  
мәдениет және денсаулық сақтау  
министрлігінің Білім комитеті  
төрағасының орынбасары

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер вице-министрі

Райымбеков Сайлаухан Ғазизұлы - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі Кеңсесінің  
Ұйымдастыру, бақылау және  
қауіпсіздік бөлімінің бас  
инспекторы

Рақыпбеков Төлебай - Қазақстан Республикасының Білім,  
Қосиябекұлы мәдениет және денсаулық сақтау  
министрлігі Денсаулық сақтау  
комитетінің төрағасы

Роменский Владимир Юрьевич - Қазақстан Республикасы Көлік  
және коммуникациялар  
министрлігінің Әуе кеңістігін

пайдалану және азаматтық  
авиация жөніндегі комитеті  
төрағасының міндетін атқарушы

Смағұлов Нұрлан  
Рахманбергенұлы - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Кеңсесінің  
Ұйымдастыру, бақылау және  
қауіпсіздік бөлімі меңгерушісінің  
бірінші орынбасары

Өмірбаев Әділхан  
Әбдірахманұлы - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Кеңсесі  
Ұйымдастыру, бақылау және  
қауіпсіздік бөлімінің  
меңгерушісі

Шатаев Бақыт Молдаханұлы - "Қазақстан темір жолы"  
республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнының Жолаушылар тасымалдау  
департаменті директорының  
бірінші орынбасары (келісім  
бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1280 қаулысына  
2-қосымша

1998 жылы Өскемен қаласында Президенттік жаңа жыл  
шыршасына әзірлік және оны өткізу жөніндегі іс-шаралардың  
Жоспары

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау  
министрлігі:

1. Президенттік жаңа жыл шыршасына әзірлік және оны өткізу жөніндегі  
барлық жұмыстарды үйлестіру

Желтоқсан

2. Облыстардан шыршаға қатысатын балаларды және оларды алып келушілерді іріктеуді ұйымдастыру

10 желтоқсанға дейін

3. Өскемен қаласына келген бетте шыршаға қатысушыларды және оларды алып келушілерді кешенді алдын алу медициналық тексеруді қамтамасыз ету

24-25 желтоқсан

4. Балалар тұратын жерлерде медицина қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігін, оларды Өскемен қаласы бойынша алып жүруді және шаралар өтетін жерлерде кезекшілікті ұйымдастыру

24-30 желтоқсан

5. Шырша мерекесіне әзірлік және оны өткізуге Шығыс Қазақстан облысының мәдениет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуын қамтамасыз ету

Желтоқсан

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері:

1. 1998 жылдың 10 желтоқсанына дейін көліктің түрін анықтау және мерзімдерін көрсете отырып балаларды жеткізуге тапсырыс беру.

2. Балалар мен оларды алып келушілерді жөнелтуді, олардың бару-келу жол ақысы мен жолда тамақтануын төлеуді, қайтарда күтіп алуды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі,  
"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны,  
"Эйр Қазақстан" акционерлік қоғамы:

1. Шыршаға қатысатын балаларды алып келушілермен бірге Өскемен қаласына жеткізудің және кері қайтарудың схемасы мен кестесін әзірлеу

10 желтоқсанға дейін

2. Шыршаға қатысушылар мен оларды алып келушілердің темір жол және авиабилеттерін сатып алуына жәрдемдесу

15 желтоқсанға дейін

3. Үйлестірушілерді тағайындау және барлық мүдделілерге байланыс телефондарының нөмірлерін хабарлау.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1. Балалардың топтарын олар тұратын жерлерден Өскемен қаласына дейін және кері қарай темір жол көлігінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің алып жүруін ұйымдастыру

22-30 желтоқсан

2. Балалар тұратын және іс-шаралар өтетін жерлерде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету

24-30 желтоқсан

3. Бағдарламаға сәйкес балалар Өскемен қаласы бойынша жүрген кезде ішкі істер органдары қызметкерлерінің көлікпен ілесіп жүруін қамтамасыз ету

24-30 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

Президенттік жаңа жыл шыршасына әзірлік және оны өткізу үшін қажетті материалдарды, сыйлықтарды және кәдесыйларды сатып алуға жәрдем көрсету

15 желтоқсанға

дейін

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі:

Президенттік жаңа жыл шыршасына әзірлік пен оны өткізудің барысын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуді қамтамасыз ету

Желтоқсан

Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

1. Шырша мерекесіне қатысушыларды қарсы алу, орналастыру, тамақтандыру, шығарып салу

24-30 желтоқсан

2. Президенттік жаңа жыл шыршасының өткізілетін жерін, оны орнатуды, безендіруді қамтамасыз ету

24 желтоқсанға дейін

3. Өскемен қаласының көшелерін және ғимараттарын тиісінше безендіру

20 желтоқсанға дейін

4. Президенттік жаңа жыл шыршасын өткізудің сценарийін, балалардың Өскемен қаласында болуының күнтізбелік жоспарын және бағдарламасын жасау

10 желтоқсанға

5. Шақыру билетін, бағдарламаны рұқсат қағазын, бәйдж және басқа да баспа өнімдерін дайындау

15 желтоқсанға

6. Сценарийге орай әртістердің киімдерін дайындау

15 желтоқсанға

7. Мерекеге өтетін жердің көркемдік, жарықтық, дыбыстық және музыкалық жағынан ресімделуін қамтамасыз ету

24 желтоқсанға

8. Шыршаға қатысушыларға арналған тәтті дастархан, үлкен торт дайындау

28 желтоқсанға

9. Шыршаға қатысушы балаларға арналған сыйлықтарды сатып алу, жинақтау

20 желтоқсанға дейін

10. Өскемен қаласында болатын бүкіл кезінде балаларға арналған мәдени-спорттық шаралар дайындау және жүзеге асыру

24-30 желтоқсан

11. Өскемен қаласында болатын кезеңде шыршаға қатысушыларға көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету

24-30 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі  
(келісім бойынша):





Қарағанды	10	1	11
Қызылорда	10	1	11
Қостанай	10	1	11
Маңғыстау	10	1	11
Оңтүстік Қазақстан	10	1	11
Павлодар	10	1	11
Солтүстік Қазақстан	10	1	11
Шығыс Қазақстан	10	1	11
Астана қаласы	10	1	11
Алматы қаласы	10	1	11
Барлығы	160	16	176

Оқығандар:  
Орынбекова Д.  
Кобдалиева Н.